

А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектеп

Психологиялық қызмет орталығының жұмысы

2022-2023 оқу жылының жылдық есебі

Педагог-психологтары Ж. Шакиева


Г.Нурмаганбетова

Психолог жұмысының жалпы ауқымын жоспарлау Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі психология қызметінің мақсаттары мен міндеттері, білім беру мекемесінің түрімен, әкімшілік сұранысымен анықталады.

Жылдық жұмыс жоспар білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісіліп бекітіледі.

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

- 1. 12.09-16.09.2022ж.** 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында «**Керн Йирасек**» тесті алынып, қорытындысы жасалып нәтижесінде төмен көрсеткіш көрсеткен оқушымен жеке жұмыс жасау сынып жетекшісіне ұсыныс берілді.



16. 09.2022ж. 1 сынып оқушыларымен «Сәлеметсіңбе мектеп!» тренингі өтілді. Күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздердің мағынасын түсіну, сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру, оқу құралдарын ажырату. Сонымен бірге «1 сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» 1-сынып ата-аналарына жадынама таратылып, ақпараттандырылды.

Қыркүйек айында мектебіміздегі 5 сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі қиындықтардың алдын алу мақсатында «5 сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ өтілді.



Қыркүйек айының 23 күні жоспарға сәйкес 11 сынып оқушыларымен ҰБТ туралы ағартушылық сағат « Мен үшін ҰБТ дегеніміз не?» тақырыпта тренинг ұйымдастырылды. Тренингке қатысқан оқушы саны -39. Оқушылардың эмоциясын бірлендіру мақсатында. Әр жас кезеңнің, әр даму шақтың өзіне тән ауыртпалығы болатын тіршіліктегі сынақтан ешкім құтыла алмайды. Топтың алдына шығып, сәби шақта алғаш рет тақпақ айту да сынақ. Үйге келген қонақты күтіп, разы етіп шығарып салу да сынақ.



Үнемі 1- сынып оқушыларымен өткізілген әдістеме қорытындысы бойынша төмен деңгей көрсеткен оқушыларымен сұхбат өткізіліп, кеңестер берілді.


Ата-ана, сынып жетекші сұранысы бойынша 2-4 сынып оқушыларымен түзету жұмыстары, ата-аналарына психологиялық кеңес жұмыстары жүргізілді.



бейімделуін, сыныптағы қарым-қатынасын анықтау.

Қыркүйек айының 12-16 күндер аралығында 5-7 сынып оқушыларымен «Социометрия» әдістемесі жүргізілді. **Мақсаты:** оқушылардың орта буынға

5-7 сыныптар бойынша "Социометрия" әдістемесінің қорытындысы



2022-2023 оқу жылының қазан айында 5-11 сыныптар аралығында алынған Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау (депрессияның клиникалық белгілерін сипаттайтын мәлімдемелер бар: депрессиялық көңіл-күй, әлемге пессимистік көзқарас, сәтсіздік сезімі белгілері, қанағаттанбаушылық, кінә,

содан кейін жаза, әлеуметтік байланыстар суицидтік ойларға бейімділікті зерттеу) мақсатында алынған тест (Э.Ховард тесті, «DASS» шкаласы) қорытындысы төмендегідей.

Сауалнамаға қатысқан жасөспірім саны	Сауалнама нәтижесінде "Психологиялық қолдау тобына" шыққан оқушылар саны	Сұхбаттан кейін "Психологиялық қолдау тобы" қалған оқушылар саны	Арнайы маман (ВОП, Психиатр)	
			Жолданғаны	Қаралғаны
486	2	2	2	2

03.10.2022ж. 1 сынып оқушыларымен «Мейрімділік» тренингі өтілді. Оқушылар белсене қатысып, кері байланыс орнап, өз ойларын еркін айтты.



21.10.2022ж. 5 сынып оқушыларымен «Орта мектептегі жаңа оқушы» тақырыбында тренинг өтілді.

28.10.2022ж. 11-сынып оқушыларына «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі» психологиялық тренинг өтілді. **Мақсаты:** бітіруші түлектерге жүйке жүйесіне түсетін күшті жеңуді қарапайым психологиялық әдістерін үйрету.



18.11.2022ж. «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында 6-8 сынып оқушыларына тренинг өтілді. Тренингтің басты мақсаты – жасөспірімдерді буллинг ұғымымен таныстырып, оның алдын алу және тану.



8.11-21.11.2022ж.

Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау мақсатында 5-7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Бесінші сынып дегеніміз не?» 5-сыныптар тренингі өткізілді. **Мақсаты:** оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға бейімделуіне қолайлы жағдай жасау. Оқушыларда жас ерекшелігі мен даму психологиясына, қабілетіне орай бейімделу процесі әр түрлі жағдайда өтеді, сондықтан баланың жаңа ережелер мен өзгерістерге бейімделуі үшін қолайлы орта қалыптастыру білу педагог шеберлігіне байланысты.

25.11.2022ж. «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» Семинар-тренинг, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларына өтті.



Мектебіміздегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың, үйден оқитын, өгей әкемен тұратын оқушылардың қазіргі тұрмыстық жағдайын зерттеу барысында және оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтау барысында желтоқсан айында үй актісі жасалынды.



17.01-24.01.2023 ж. 5-9 сынып оқушыларына «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділіктің алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді.

Мақсаты: әлеуметтік желілердің тиімділігі мен қауіптілігі туралы оқушыларды ақпараттандырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Күтілетін нәтиже:

Әлеуметтік желілерде тиімділігі мен бірге қауіптілігі де бар екендігін оқушыға ақпараттанадыру.

10.01-17.01.2023ж. 9-11 сынып оқушыларынан Г.В. Резапкина әдістемесі алынды.

Мақсаты: әр түрлі мамандықтар жайлы мәліметтерді және өз бағыттылығын, қабілетін, қызығушылығын бағалау деңгейін жоғарлату арқылы оқушылардың ерте кәсіби өз-өзін анықталуына көмек көрсету.



25.01.2023ж. 5 сынып оқушыларына «**Өмір қымбатсың маған!**» тақырыбында психологиялық тренинг өтілді.

Мақсаты: оқушылардың өмір құндылығы туралы түсініктерін одан әрі тереңдету.

Көрнекіліктер: суреттер, слайдтар

Күтілетін нәтиже:

- оқушыларға өмір құндылығы туралы тереңірек білім беру;
- өмірге құштарлықтарын дамыту;
- өмірдің мәнін түсінуге тәрбиелеу.



17.02.2023ж. Мектепшілік бақылаудағы ер балаларына «**Мен және мені қоршаған орта**» психологиялық тренинг өтілді.

Мақсаты: Оқушыларға өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және «Мен» концепциясын қалыптастыру мақсатында.

Күтілетін нәтиже

1. Жеке қасиеттерін тани білуге;
2. Өмірге деген құштарлығы, сүйіспеншілігін оятуға;
3. «Мен» концепциясын қалыптастырып, жақсы қарым-қатынас орнатуға.




18.02-25.02.2023 ж. «Ата-ана – бала тәрбиесінің айнасы» атты ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Ата – аналарға зорлық – зомбылықтың, келеңсіз жағдайлардың алдын алу, оның адам жаны мен тәніне әкелетін зардабы туралы түсіндіру.

Жиналыс барысында: Тақырыпқа шолу жасалынды.

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылыққа тартылатындығы айтылып өтілді.

Ата –аналарға зорлық зомбылықтың жалпы себептеріне тоқталып, зорлық – зомбылыққа душар болмау жолдары туралы кеңестер беріліп, ұсыныс айтылды.



Жиналыс соңында кері байланыс орнатылып ата-аналар белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды. Алдағы уақытта осы тақырыпта оқушыларменде өтілсе деген ұсыныс айтылды

31.03.2023ж. 11 сынып оқушыларына «Бізге не қымбат, не керек?» психологиялық тренинг өтілді.

Мақсаты: Оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, өмір құндылықтары туралы түсінік, жағымсыз көңіл-күйден, қорқыныш, үрейден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу мақсатында.

Тренинг барысында

1. «Мен кімін?»
2. «Ауа райы» жаттығуы.
3. «Құнды қасиеттерді жинау». Бейнебаян
4. «Сен агрессияңды қалай жеңесің?» Бейнебаян ой, пікір алмасу.
5. «Өзіңе сенімділік неден тұрады» кеңес беру.

Күтілетін нәтиже

4. Бұл тренингтен не аламыз? Өзімізге не қымбат? талқылап әңгімелесу;
5. Оқушылар өзін-өзі тану, өзін еркін сезінуге көмектесу;
6. Өмір құндылықтары туралы түсінік алу;

7. Жағымсыз көңіл-күйден, қорқыныш, үрейден арылу, өзін еркін сезінуге көмектесу.



Күні: 09.03-20.03.2023 ж

Қатысқан сыныптар: 5-11

Мақсаты: Оқушылардың бойындағы стресстік күйін анықтау

Мектебіміздегі 5-11 сынып оқушыларының эмоцияналды бұзылыстарының алдын алу және анықтау мақсатында 5-6 сынып оқушыларынан «Э.Ховард» тесті, 7-11 сынып оқушыларынан «DASS» шкаласы әр сынып оқушыларының өз деңгейіне байланысты сауалнамалар алынды.

5 сынып оқушыларының бойындағы эмоцияналды бұзылыстарының алдын алу және анықтау мақсатында «Э.Ховард» тесті алынып, нәтижесі өңделіп шығарылды.

5-7 сыныптар бойынша барлық оқушы саны- 233

Қатысқаны-230 оқушы қатысып алынған сауалнаманың нәтижесінде оқушылардың бойында эмоцияналды бұзылыс байқалмады. 3 оқушы үйден оқиды.

«Э.Ховард» тестінің нәтижесі бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне ұсыныстар:

- Баланың жалпы жағдайына байланысты (оқу үлгерімі, тәртібі т.б) көмектер көрсету;
- Сынып жетекші және психолог оқушының көңіл-күйін үнемі бақылауда ұсыну;
- Оқушының өзіне сенімділігін күшейту;
- Қоғамдық жұмыстарға, мектепшілік іс-шараға қатыстыру

8-11 сынып оқушыларына «DASS» тесті алынып, нәтижесі өңделіп шығарылды. Сауалнаманың мақсаты оқушылардың бойындағы стресстік күйін және эмоцияналды бұзылыстарының алдын алу.

8-11 сыныптар бойынша барлық оқушы саны-259 (3- оқушы үйден оқиды)

Сауалнамаға қатысқаны-256 оқушы қатысып нәтижесінде оқушылардың бойында эмоцияналды бұзылыс байқалмады.


«DASS» тестінің нәтижесі бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне ұсыныстар:

- Баланың жалпы жағдайына байланысты (оқу үлгерімі, тәртібі т.б) көмектер көрсету;
- Сынып жетекші және психолог оқушының көңіл-күйін үнемі бақылауда ұсыну;
- Оқушының өзіне сенімділігін күшейту;
- Қоғамдық жұмыстарға, мектепшілік іс-шараға қатыстыру

28.04.2023ж «Кім болғым келеді?» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларына тренинг өтілді.

ЖДО мамандарымен бірлесе отырып ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету. Оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандыққа деген ынта-ықласын, қызығушылықтарын арттыру.



Қорытынды: Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Мектеп психологтары

Ж.Шакиева

Г.Нурмаганбетова